## Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. А және Н оқиғалары берілсін. Н оқиғасы орындалғандағы А оқиғасының шартты ықтималдығы қалай анықталады?
2. Екі оқиға жағдайындағы ықтималдықтарды көбейту формуласын келтіріңіз.
3. $P(A_1A_2 \dots A_n) > 0$ шартын қанағаттандыратын $A_1, A_2, \dots, A_n$ $(n \in N)$ оқиғалары үшін көбейту формуласын келтіріңіз.
4. Қандай жағдайда $\{H_1, H_2, \dots, H_n\}$ оқиғалары гипотезалар деп аталады?
5. Толық ықтималдық формуласын келтіріңіз.
6. Шартты ықтималдық формуласы А.Н.Колмогоров аксиамаларын қанағаттандыра ма?